

*Төлеби ауданының білім бөлімінің
«Алина» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны*

01-16

***Әкімшілік
жиналысының
хаттамалары***

2023-2024 оқу жылы

Ленгiр қаласы

**Әкімшілік жанындағы кеңестің мәжіліс хаттамасы
№1 хаттама**

Өткізілген күні: 08– қыркүйек. 2023 жыл.

Қатысқандар саны: 10

Қатыспағандар саны: 0

Себептісі: жоқ

Себепсізі: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Мектепке дейінгі ұйымның Нормативті-құқықтық құжаттарын талдау.
2. 1 қыркүйек - Білім күнінің қорытындысы
3. Жыл бойы өтілетін ертеңгіліктер мен сауықтыру іс – шараларын жоспарға сай бекіту

Тыңдалды: Меңгеруші жанындағы кеңесті бөбекжай меңгерушісі Тургунбекова Ақмарал Есиркепқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Д.Куралбаева сөйлеп, мектепке дейінгі ұйымда басшылыққа алынатын Нормативті-құқықтық құжаттар туралы айтып, таныстырды., "Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы оқу- ағарту министрінің 2022жылғы 3 тамыздағы№348 бұйрығы, Қ Р Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығы, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021жылғы 9 шілдедегі №59 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы, басшылыққа алынып, орындауға тиісті нормативтік құжаттарда не талап етілетіні жайлы түсіндірді.

Жарыссөзге шыққандар: Медбике Абилдаева Қымбат сөйлеп, балалар денсаулығына және әр қызметкердің денсаулығына көп көңіл бөлініп, барлық қауіпсіздік шараларын сақтауға ұсыныс айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскері Дильбара Куралбаева сөйлеп, 1 – қыркүйек Білім күні мерекесіне орай «Білімнің бастауы-балабақшада»атты ертеңгілік мектепалды даярлық «Бәйтерек»тобының балалары қатыстырылғаны туралы және ертеңгіліктің мақсаты мен барысы туралы айтып,таныстырып өтті.Күн сайын балалармен ұйымдастырылған іс-әрекет жұмыстарын ойын түрінде жүргізуге, ертеңгіліктер өткізуге көп ізденіп, тәжірибе жинақтау керек деген ұсыныс айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскері Дильбара Куралбаева сөйлеп, жыл бойы өтілетін ертеңгіліктер мен сауықтыру іс – шараларымен таныстырды. Педагогтар әр топта өтілетін ертеңгіліктерді бекітілсін деген ұсыныс айтты.

Меңгеруші жанындағы кеңестің шешімі:

1. Бөбекжайдың оқу – тәрбие жұмыстары мектепке дейінгі ұйымның нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алынып жүргізілсін.
2. 1 қыркүйек - Білім күнінің қорытындысы жақсы деп бағалансын.
3. Жыл бойы өтілетін ертеңгіліктер мен сауықтыру іс – шаралары жоспарға сай бекітілсін

Бөбекжай меңгерушісі:

Хатшы:



А.Е.Тургунбекова

Д.У.Куралбаева

**Әкімшілік жанындағы кеңестің мәжіліс хаттамасы
№2 хаттама**

Өткізілген күні: 10— қазан. 2023 жыл.

Қатысқандар саны: 10

Қатыспағандар саны: 0

Себептісі: жоқ

Себепсізі: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Мектепке дейінгі жалпыға міндетті білім беру стандартына талаптарына сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттер жоспарының жазылу үлгісін талдау.

2. Ұйымдастырылған іс-әрекеті мен тәрбие жұмысының барысын бақылау туралы.

Тыңдалды: Меңгеруші жанындағы кеңесті бөбекжай-бақша меңгерушісі Тургунбекова Ақмарал Есиркепқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша әдіскері Куралбаева Дильбара Усеровна сөйлеп, мектепке дейінгі жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сай ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарының жазылу үлгісіне талдау жасады. Білім беру стандартының талаптарына сай әдістемелік хатта ұйымдастырылған іс-әрекет жоспары қалай құрылатыны көрсетіледі.

Циклограммада күні бойы жүргізілетін іс-шаралар, жұмыстар жоспарланатынын айтып өтті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Тургунбекова Ақмарал Есиркепқызы сөйлеп, ұйымдастырылған іс-әрекет пен тәрбиелік іс-шаралардың барысын бақылау туралы айтты. Бақылау педагогикалық қателіктердің алдын алу және кемшіліктерді жою үшін жүргізілетінін айта келе, күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттердің өткізілуін бақылап жүргенін айтты. Алайда кейбір тәрбиешілердің күнделікті шығармашылық ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне дайындығы төмен, кеңсе тауарлары түгел барлық балаға жетіспейтін жағдайлар кездеседі. Ол тәрбиешіге сол уақытта ұсыныс, ескерту айтылады.

Әкімшілік жанындағы кеңестің шешімі:

1. Ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарлары мектепке дейінгі жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сай жүргізілсін.
2. Ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен тәрбие жұмыстарының барысын бақылау жалғастырылсын

Бөбекжай меңгерушісі:

Хатшы:



— **А.Е.Тургунбекова**

Д.У.Куралбаева

**Әкімшілік жанындағы кеңестің мәжіліс хаттамасы
№3 хаттама**

Өткізілген күні: 03 – қараша 2023 жыл.

Қатысқандар саны: 11

Қатыспағандар саны: жоқ

Себептісі: жоқ

Себепсізі: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Балалардың мәдени- гигиеналық талаптарының орындалуы .Жедел бақылау.
2. «Алтын күз» ертеңгілігінің қорытындысы.

Тыңдалды: Меңгеруші жанындағы кеңесті бөбекжай-бақша меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша медбикесі Абилдаева Қымбат сөйлеп балалардың мәдени-гигиеналық талаптарының орындалуы атты жедел бақылау жүргізілгенін айтып қорытындылады.

Балалардың тамақ алдында, дәреттен соң қолдары жуылады.Қол сүрткіштер бір рет қолдануға арналған саны жеткілікті.Балалардың тазалықтары күнделікті тексеріліп тұр.Топтардың,жатын бөлмелердің, асхананың тазалықтары тексерілгенін, бақыланғанын айтты. Күнделікті ылғалды тазалау,аптасына күрделі тазалау жұмыстары жүргізілуде деді.Мәдени-гигиеналық талаптарды орындамай қалған жағдайда қызметкерлерге дер кезінде ескертулер беріліп,түзетілді деп айтты.

Жарыссөзге шыққандар: Бөбекжай-бақша меңгерушісі Акмарал Есиркепқызы сөйлеп,балалардың күнделікті тазалығын, тырнақтарының, шаштарының өспеуін,қыздардың шаштарының тазалығын қарауды тапсырды.Қолдарын таза,сабынсумен жууды,бір реттік сүлгіні дұрыс пайдалануды қадағалау керек екенін айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжайдың тәрбиешісі Омарова Эльмира Асанқызы «Алтын күз» мерекесінің ертеңгілігінің мақсаттарымен, өткізілу барысымен таныстырды.Сценарий бойынша балалардың қай топта қандай әндер айтып,билер билегендерін атап өтті. МАД «Бәйтерек» тобы «Жапырақтар» және «Жемістер мен көкөністер» биін,ересек «Ханшатыр»тобы «Саңырауқұлақтар» және «Қолшатыр» биін, ортаңғы «Нұрмерей»тобы «Қырманға кел қалкатай» және «Тиын» билерін ,ал

«Ботақан» тобының қыздары «Жау, жау жаңбыр» билерін билегендерін айтты.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші: Дехканова Нилуфар ертеңгіліктің өте қызықты өткенін,балалар ертеңгілікке өте белсенді,қызығушылықпен қатысып,өз өнерлерін жақсы көрсетті. Ертеңгілікте безендіру жұмыстары өте жақсы және күз мезгіліне сай безендірілгенің атап өтті.Және менің бір ұсынысым бар,келесі ертеңгілікке ортаңғы топтың ата-аналары беттерін жауып,бетперде тағып келсе екен.Себебі балалар ата-аналарын көріп билерін билемей, көңілдері ата-аналарына ауып кетіп жатыр деп, өз ұсынысын білдірді. Ұсынысты педагогтар түгел қолдады.

Әдіскер: Дильбара Усеровна «Алтын күз» мерекесінің ертеңгілігінің сценарийі тақырыбына сай жақсы құрылғанын, балалар күз мезгілінің ерекшеліктері туралы,күз мегілінде қамба астыққа толып, молшылық, тоқшылық болатыны туралы түсініктері кеңейді.Балалар ән салып,би билеп, тақпақтарын айтып, мәз мейрам болып,көңіл күйлері көтерілді.

Балаларға мерекеге орай бөбекжай әкімшілігі атынан дәрумендер (алма, банан) берілді.

«Алтын күз» ертеңгілігі қызықты және жоғарғы деңгейде өтілгенін атап өтіп, мақсатына жетті деп сөзін аяқтады.

Әкімшілік жанындағы кеңестің шешімі:

1. Балалардың мәдени- гигиеналық талаптарының орындалуы жақсы деп бағаланып,бақылау жалғастырылсын.
2. «Алтын күз» ертеңгіліктерінің өтілуі жақсы деп бағалансын.

Бөбекжай-бақша меңгерушісі:

Хатшы:



А.Е.Тургунбекова

Д.У.Куралбаева

№4 хаттама

Әкімшілік жанындағы кеңестің мәжіліс хаттамасы

Өткізілген күні: 07-желтоқсан. 2023 - жыл.

Қатысқандар саны: 12

Қатыспағандар саны: жоқ

Себептісі: жоқ

Себепсізі: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. «16 желтоқсан Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтағы жаңа – жылдық ертеңгіліктерді бекіту
2. Қыс мезгіліндегі балалардың жарақаттанбауына ескерту шараларымен таныстыру.

Тыңдалды: Жиналысты бөбекжай меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Өткен меңгеруші жанындағы кеңес шешімдерінің орындалуы барысымен таныстырып, айтып өтті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжайдың шаруа меңгерушісі Сауле Шегебаева балалардың қыс мезгіліндегі жарақаттанудан сақтану шараларымен, нұсқаулықтарымен таныстырды. Балалар жыл мезгіліне сай жылы, ыңғайлы аяқ киімдер киіндіру керек екенін айтып өтті. Тәрбиешілерде ата-аналармен балалардың жарақаттанудан сақтану туралы сұхбат жүргізулері керек деді.

Жарыссөзге шыққандар: бөбекжай медбикесі Абилдаева Қымбат тәрбиешілерге қыс мезгіліндегі балалардың жарақаттанудан сақтанудың қандай шараларды сақтау керектігін айтып түсіндірді. Балаларды қыс мезгілінде күн тәртібі бойынша таза ауаға серуенге шығарып, суық ауа райына бала денсаулығын шынықтыру керек екенін айтты.

Әдіскер: Дильбара Куралбаева қыс мезгіліндегі балалардың жарақаттанудан сақтанудың алдын алу шаралары туралы айтты. Балаларды серуенге алып шыққан кезде ғимарат шатырына жақын жүргізбеуге, мұз үстімен жүргізбеуге, сырғанамауға, аяқтарына жылы, ыңғайлы аяқ киім кигізуді ата-аналардан сұрануды және балалардың жарақаттанудан сақтану туралы сұхбат жүргізуді тапсырды. Әр балаға мұқият, абай болуды айтып өтті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Мыңбай Мөлдір «Тәуелсіздік – тірегім, Қазақстаным жүрегім!» ертеңгілігінің сценариймен және мақсатымен таныстырды. Балалар Отан, тәуелсіздік туралы әндер орындап, ержүрек желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-әпкелері,

батырларына арнап тақпақтар айтады. Мектепалды даярлық тобының балалары «Батырлар» және «Менің Отаным» биін, «Ханшатыр» тобының қыздары «Флешмоб» биін, «Нұрмерей» тобының қыздары «Менің Қазақстаным» атты билерін билейді.

Жарыссөзге шыққандар: бөбекжай әдіскері Дильбара Куралбаева сөйлеп, қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, жылдық жоспар бойынша 16 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіздік –тірегім, Қазақстаным жүрегім!» және барлық топтарда жаңа жылдық ертеңгіліктері өткізіледі деп, топтардағы жаңа жылдық ертеңгіліктің сценарийлерімен таныстырып өтті.

Әр топтың балалары Санта клаус, қоян, шырша, ұлпа қар, қонжықтар және қаракшылар билерін билеп, жаңа жылға арналған әндерін және Аяз атаға арнап тақпақтарын айтады. Ескі жылды шығарып салып, жаңа жылды қарсы алады. Жаңа жылдық ертеңгіліктерге Аяз ата, Ақшақар, жаңа жыл ұлу, ескі жыл қоян, аю, қоян, теңіз қаракшылары т.б. кейіпкерлер қатысып, ертеңгіліктің қызықты өтуіне әсерін тигізеді деп сөзін аяқтады.

Жарыссөзге шыққандар: ересек «Ханшатыр» тобының тәрбиешісі Усипова Зауре өз тобындағы жаңа жылдық сценариймен таныстырып өтті. Биылғы жаңа жылда Мыстан кемпір мен өлмес хан ертегісінің желісі бойынша дайындық жүргізіп жатқанын және «Санта клаус», «Мыстан» және «Ұлпақарлар» билерін билететінін айты. Жаңа жыл ертеңгілігі ерекше, қызықты болады деді. Балалармен, ата-аналармен түрлі ойындар ойнатып, қызығушылықтары арттырсақ, балалар үшін есте қалатындай мереке болады деп ойлаймыз деп сөзін аяқтады.

Меңгеруші алдындағы кеңестің шешімі:

1. «16 желтоқсан Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтардағы жаңа – жылдық ертеңгіліктердің сценарийлері бекітілсін.
2. Қыс мезгіліндегі балалардың жаракатанбауына арналған нұсқаулықтар сақталып, орындалсын.

Бөбекжай-бақша меңгерушісі:

 **А.Е.Тургунбекова**

Хатшы:

 **Д.У.Куралбаева**



№5 хаттама

Әкімшілік жанындағы кеңестің мәжіліс хаттамасы

Өткізілген күні: 05- қаңтар, 2024 жыл.

Қатысқандар саны: 10

Қатыспағандар саны: 0

Себептісі: жоқ

Себепсізі: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1.Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтағы жаңа – жылдық ертеңгіліктерінің қорытындысы.

2.Табиғат бұрышының жағдайы.

Тыңдалды: Жиналысты бөбекжай-бақша меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері сөйлеп, Тәуелсіздік күні мерекесі мен барлық топтағы жаңа – жылдық ертеңгіліктердің өткізілу барысымен таныстырды.Тәрбиеші Мыңбай Мөлдір ұйымдастырған «Тәуелсіздік –тірегім, Қазақстаным жүрегім!» ертеңгілігінде балалар өз туған жері Қазақстан, тәуелсіздік туралы әндер орындап, тақпақтар айтып,билер билеп белсене қатысты Балалардың өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншіліктері артып,патриоттық сезімдері оянды.

Ал жаңа жыл мерекесіне орай ұйымдастырылған барлық топтағы жаңа жылдық ертеңгіліктер жоспарға сай әр топта жеке жеке өтті.

Балалар робот,гномдар, ұлпақар, санта клаус,қонжықтар,қояндар, шырша, өлмесханның билерін билеп,жаңа жылға арналған әндерін айтты. Ескі жыл қоянды шығарып салып,жаңа ұлу жылын қарсы алды. Жаңа жылдық ертеңгіліктерге келген Аяз ата, Ақшақар, ескі жыл- қоян, жаңа жыл-ұлу, қоян мен аю, микки маус кейіпкелері қатысып, ертеңгіліктің қызықты өтуіне әсерін тигізді.Балалар Аяз атаға тақпақ айтып беріп Аяз атаның қоржынынан сыйлықтар алып мәз мейрам болып,қуанышқа бөленді. Ертеңгіліктер өз мақсатына жетті деп санаймын.

Ертеңгіліктерге ата-аналар қатысып,өз балаларының өнерлерін тамашалап қуанышқа бөленіп, бөбекжай қызметкерлеріне алғыстарын жаудырды.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Дехканова Нилуфар сөйлеп, Тәуелсіздік күніне арналған«Тәуелсіздік –тірегім, Қазақстаным жүрегім!» атты ертеңгіліктің ұйымдастырылуы жақсы болғанын және ертеңгіліктің мән - мағынасы ертеңгілік барысында ашып көрсетілді, балалардың өз Отанына деген патриоттық сезімдері оянды.

Тәуелсіздік мерекесі және Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгіліктерде балалар өздерін сахнада қалай тұруды және сахна мәдениетін үйренгенін айтты. Ертеңгіліктердің өтілуін жақсы деп бағалады.

Тәрбиеші: Омарова Эльмира сөйлеп, жаңа жылдық ертеңгілікте балалар билерін билеп, жаңа жылға арналған әндерін және Аяз атаға арнап такпақтарын айтты. Балалар Аяз атаның қоржынынан сыйлықтар алып, қуанып қалды. Балалардың ата-аналарынан Жаңа жылдық ертеңгіліктер ұнады. Жаңа жылдық ертеңгіліктер өте қызықты өтті деп сөзін аяқтады.

Бөбекжай-бақша меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы сөйлеп ертеңгіліктердің өтілу барысы туралы айтып, қорытындылады. Тәрбиеші Мыңбай Мөлдірдің Тәуелсіздік күні ертеңгілігіне дайындаған сценарий жақсы екенін айтып, ертеңгілікті жақсы деп бағалады.

Жаңа жылдық ертеңгіліктерге келсек барлық топтағы жаңа жылдық ертеңгілігіне дайындаған сценарийлары жақсы құрылып, ертеңгіліктер жақсы деңгейде өтті деп айта келе тек балалардың кішкене тәртібіне мән беріндер деп ескертті. Келесі жылы Жаңа жылдық ертеңгіліктіде осындай жоғары дәрежеде өтіп, ата-аналардың алғыстарын ала беріндер деп, -сөзін аяқтады.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Д.Куралбаева сөйлеп, бөбекжайдағы табиғат бұрышының жағдайы туралы айтты. Барлық топтардың табиғат бұрышында бөлме гүлдері, гүлдерді күтіп баптайтын құрал - жабдықтар, жыл мезгілін, ауа - райын бақылайтын стендтер бар. Бірақ құстар, жәндіктер, балықтар, тасбақалар яғни тірі жәндіктер жоқ болып тұр. Егерде табиғат бұрышында осы тірі жәндіктер болса, балалар табиғатқа, жан-жануарларға қамқор болуға үйренер еді.

Ал балаларды еңбекке баулуда тәрбие жұмыстары кезінде табиғат бұрышында еңбекке баулу жұмыстары жүргізілуде.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Усипова Зауре табиғат бұрышы толықтырылса, жаңағы айтылған құстар, жәндіктер, балықтар т.б. бар болса, балаларды еңбекке тәрбиелеп қана қоймай, табиғатқа, жан-жануарларға қамқор болуға үйретер едік деді. Тірі жануарлар бұрышын жасауға демеушілер жоқ, алайда ата-аналардың тарапынан тірі жануарлар бұрышын ұйымдастырсақ деген ұсыныс айтты. Ұсынысты басқа педагогтар түгел қолдады.

Әкімшілік алдындағы кеңестің шешімі:

1. Тәуелсіздік –тірегім, Қазақстаным жүрегім!» ертеңгілігінің қорытындысы "жақсы" деп бағаланды.
2. Табиғат бұрыштарын толықтырып, жұмыстары жүргізілсін.

Бөбекжай-бақша меңгерушісі



А.Е.Тургунбекова
Д.У.Куралбаева

Әкімшілік жанындағы кеңестің мәжіліс хаттамасы .
№6 хаттама

Өткізілген күні: 06 ақпан . 2024 - жыл.

Қатысқандар саны: 11

Қатыспағандар саны: жоқ

Себептісі: жоқ

Себепсізі: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. «Алақай ,қыс келді » қысқы спорттық ойын – сауықтарын талқылау
2. Тамақ әзірлейтін орынның санитарлық жағдайы,тамақтың сапасын бақылау.
3. 8 наурыз- мерекесіне орай «Көктем аруы» байқауының сценарийлерін бекіту

Тыңдалды: әкімшілік жанындағы кеңесті бөбекжай-бақша меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сойледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектепалды даярлық «Бәйтерек» тобының тәрбиешісі Дехканова Нилуфар сөйлеп, өз тобында өткізілген «Алақай ,қыс келді » ойын - сауығының мақсатымен, өткізілу барысымен таныстырды.Ойын – сауыққа қасқыр,түлкі кейіпкерлері сценарий бойынша қатысып, ойын - сауықтың қызықты болуына әсерін тигізгенін, кейіпкерлер қысқы ойындар ойнатып, жарыстар жүргізгені балаларға қызықты болғанын айтты.Балаларды таза қысқы ауада шынығып қана қоймай, қыс мезгілінің ерекшеліктерін танып, табиғатты қорғауға деген ынталары оянғанын айтты.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Мыраманова Сымбат сөйлеп, қыс мезгіліне арналған ойын – сауықтың қызықты өткенін, балалар аққала жасап,шанамен сырғанап,қар атыспақ ,хоккей ойындарын ойнап, денсаулықтарын шынықтырды. Қысқы спорттық ойын – сауық өте қызықты өтті деп сөзін аяқтады.

Әдіскер: Куралбаева Дильбара «Алақай ,қыс келді » қысқы спорттық ойын – сауықтың ұйымдастырылуы талапқа сай болғанын, қауіпсіздік ережелері сақталғанын және таң қалдыру сәтіне түрлі қасықыр,түлкі,қоян,аю кейіпкерлері келіп, аққала соғу ойының, хоккей, қар атыспақ ойындарын ойнатып ,шанамен сырғанатып балаларды қызықтырды, балалардың көңіл күйлері көтеріліп, денсаулықтарын шынықтырды деп айтып, қорытындысын «жаксы» деп бағалайтынын айтып өтті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжайдың медбикесі Аятова Айдана сөйлеп, тамақ әзірлейтін орынның санитарлық жағдайы, тамақтың сапасын айтты. Асхананың тазалығы талапқа сай. Ет турайтын, нан, салаттар турайтын тақтайшалар, ыдыс – аяқтар таңбаланып, бәрі дезинфекцияланып ережеге сай жуылады. Аспаздардың, асхана жұмысшысының киім формалары бар екенін, әр топқа берілетін тамақтардың таратылу кестесі құрылғанын және уақтылы тамақ алуға келу керектігі туралы ескерту берілгенін айтып өтті.

Жарыссөзге шыққандар: Кәсіподақ комитетінің төрайымы Куралбаева Дильбара бөбекжайдағы балаларға берілетін барлық азық-түліктер санитарлық ережелерге сәйкес санитариялық –эпидемиологиялық қорытындылары бар, кәсіподақ мүшелерінің бақылауларының нәтижесінде тамақтың сапасы жақсы, дәмді екенін айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Усипова Зауре сөйлеп, 8-наурыз мерекесіне арналған ертеңгілігінің сценариймен, мақсатымен, өткізілу барысымен таныстырды. Балалар аналарына, әпкелеріне арнап билер билеп, тақпақтар, әндер айтады. Және қыздар арасында **«Көктем аруы»** байқауы ұйымдастырылып, байқауға әр топтан қыздар қатыстырылады және сол байқауға қатысып жатқан қыздарға тәрбиешілер жетекші болады.

Жарыссөзге шыққандар: бөбекжай-бақша әдіскері Куралбаева Дильбара сөйлеп, **«Көктем аруы»** байқауында қыздарымызға ата салтымызды насихаттай отырып, қазақ қызының бойындағы қасиеттерімен таныстыру. Әр баланың бойындағы тапқырлық, білімділік қабілеттерін дамыту, өнер, сахна мәдениетін қалыптастыру, мәдениетті сөйлеуге баулу, халқымыздың ізгі қасиеттері: имандылық, инабаттылық, ізеттілікке тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылып жатқанын айтып өтті.

Әкімшілік жанындағы кеңестің шешімі:

1. **«Алақай ,қыс келді »** қысқы спорттық ойын – сауығы өз дәрежесінде жақсы өтілді деп бағалансын.
2. Тамақ әзірлейтін орынның санитарлық жағдайы талапқа сай сақталынсын.
3. 8 наурыз- мерекесіне орай **«Көктем аруы»** байқауының сценарийлері бекітілсін.

Бөбекжай-бақша
Хатшы:



А.Е.Тургунбекова.
Д.У.Куралбаева.

Әкімшілік жанындағы кеңестің мәжіліс хаттамасы
№7 хаттама
«Алина» бөбекжай-бақшасы»

Өткізілген күні: 07 наурыз. 2024 - жыл.

Қатысқандар саны: 12

Қатыспағандар саны: жоқ

Себептісі: жоқ

Себепсізі: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. «Ұлыстың Ұлы күні Наурыз» мерекелерінің сценарийлерін бекіту
2. Азаматтық қорғанысқа байланысты жүргізілген іс – шаралар барысы
3. Бөбекжайда санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы

Тыңдалды: әкімшілік жанындағы кеңесті бөбекжай-бақша меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Диьбара Куралбаева сөйлеп, «Ұлыстың Ұлы күні Наурыз» мерекесі ертеңгіліктерінің сценарийімен таныстырды. Наурыз ертеңгіліктерінде балалар қандай қандай әндер, билер орындайтынын, Қыдыр баба, Наурыз қыз кімдер болатыны жайлы ақылдасты. Қазақ халқының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан асыл мұрасы – салт дәстүрлерден: «Бесікке салу», «Тұсау кесер», «Ат қою», «Ашамай» салт-дәстүрлерін көрініс ретінде көрсетсек және Хантаалапай ойындарын балаларды қатыстырып ойнатсақ деп мектепалды даярлық тобы мен ересек топ тәрбиешілері жоспарлап отырғанын айтты. Педагогтарға ертеңгіліктердің сценарийлері ұнап, тағыда ұлттық ойындар қоссақ деп, өз ойларымен бөлісті.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Нуржанова Зилола сөйлеп, өзіміздің Жыл басы Наурыз мерекесінде балалар Қыдыр бабаның қоржынынан сыйлық алса, Қыдыр бабаның сыйлығы ретінде ұлттық бұйымдардан ойыншықтар, кітаптар берілсе деген өз ойын айтты.

Бөбекжай-бақша меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы сөйлеп, Наурыз мерекесінің өткізілу күндері туралы нақтылады. Қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып «Ұлыстың Ұлы күні Наурыз» ертеңгілігі Мектепалды даярлық «Бәйтерек» және ортаңғы «Ботақан» топтарында 28 наурыз күні, ересек «Ханшатыр» және ортаңғы «Ботақан» топтарында 29 наурыз күні өтілетіні туралы айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай-бақшаның шаруа меңгерушісі Шегебаева Сауле сөйлеп, азаматтық қорғанысқа байланысты өткізілетін іс – шаралармен таныстырды. Бөбекжайда әр оқу жылының басында азаматтық қорғанысқа байланысты іс – шаралар

жоспары түзіліп, жер сілкінісі, су тасқыны, боран соғуы, өрт шығу қаупі т.б. төтенше жағдайлар болғанда қалай сақтану, адамдарды қауіпсіз жерге орналастыру және қауіпті жағдайда кімдер неге жауапты болатынынын айтып берді. Апат кезіндегі сыртқа шығу картасымен таныстырды. Сонымен қатар балалармен бөтен адамдармен сөйлеспеу, шақырса бармау, тәтті берсе жемеу, от шығатын заттармен, қауіпті заттармен ойнамау туралы үнемі әңгіме жүргізу керектігі туралы айтып өтті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша медбике Аятова Айдана сөйлеп, бөбекжай-бақшадағы санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы туралы айтты. Санитарлық талаптың орындалуы, дезинфекция талаптарының орындалуы, ылғалды сүрту жұмыстары, күрделі тазалау жұмыстарының жүргізілуіне күнделікті бақылау жүргізіліп, бағаланып, уақытылы ескерту жасаланып тұрғаны туралы айтты.

Әкімшілік алдындағы кеңестің шешімі:

1. «Ұлыстың Ұлы күні Наурыз» мерекесінің сценарийі бекітілсін.
2. Азаматтық қорғанысқа байланысты жүргізілген іс – шаралар барысы «жақсы» деп бағалансын.
3. Бөбекжай-бақшада санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы талапқа сай деп бағаланып, санитарлық талап үнемі сақталынсын.

Бөбекжай-бақша меңгерушісі:

Хатшы:



А.Е.Тургунбекова

Д.У. Куралбаева

Әкімшілік жанындағы кеңестің мәжіліс хаттамасы.
№8 хаттама
«Алина» бөбекжай-бақшасы»

Өткізілген күні: 24 сәуір 2024 - жыл.

Қатысқандар саны: 10

Қатыспағандар саны: 0

Себептісі: жоқ

Себепсізі: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

- 1.Наурыз мерекесінің қорытындысы
2. Көктем мезгіліндегі учаскедегі жұмыстар
- 3.Топтардағы педагогикалық процесс пен оқу қызметіне даярлықты бақылау

Тыңдалды: Әкімшілік жанындағы кеңесті бөбекжай-бақша меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша әдіскері Куралбаева Дильбара сөйлеп.«Ұлыстың Ұлы күні Наурыз» мерекесі ертеңгіліктерінің мақсатымен,барысымен таныстырды. Наурыз мерекесі ертеңгіліктерінде балалар ұлттық киімдер киіп,билер билеп, наурыз әндерін шырқап белсене қатысты. Ертеңгілікте топтар «Бәйтерек», «Ханшатыр, «Нұрмерей», «Ботақан» ауылдарына бөлініп өз өнерлерін көрсетті. Қазақ халқының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан асыл мұрасы –салт дәстүрлері дәріптеліп,«Бесікке салу», «Тұсау кесер», «Ат қою» сат-дәстүрлері көрініс ретінде көрсетіліп,«Ашамай», «Көкпар» ұлттық ойындары да ойнатылды.

Ертеңгіктің ұйымдастырылуы талапқа сай болғанын, қауіпсіздік ережелері сақталып,ата-аналарға ертеңгілікке қатыстырылуға рұқсат берілгендігін де атап өтті.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Шекербекова Сауле сөйлеп, «Ұлыстың Ұлы күні Наурыз» ертеңгілігі балаларға қызықты өтті. Қазақтың ұлттық «Көкпар», «Ашамай» ойындарына балалар белсене атсалысып қатысты. Ертеңгілік өз дәрежесінде ,қызықты өтті деп ойлаймын деді.

Тәрбиеші: Мыңбай Мөлдір сөйлеп, мерекеге келген әжелеріміз Наурыз мерекесінде жасалатын ұлттық Наурыз көжеге 7 түрлі дәнді дақылдар қосылатының және жасалу жолдарымен таныстырып, түсіндіріп, балаларға наурыз көжеден дәм татқызды. Наурыз мерекесінде балалар Қыдыр бабанын қоржынынан тәттілер,сыйлықтар алып,мәз мейрам болды. Балалардың Наурыз ертеңгілігіне қызығушылықтары артып,ертеңгілік жақсы өтті деп санаймын.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай-бақшаның шаруа меңгерушісі Шегебаева Сауле сөйлеп,көктем мезгіліндегі учаскедегі істелетін сырлау, әктеу,ауланы тазалау ,ауланы безендіру жұмыстары жүргізілетіні және қызметкерлердің сырлау, әктеу,гүл егу,ауланы тазалау ,ауланы безендіру жұмыстарын барлық қызметкерлерге бөлініп берілгені туралы айтты. Жәнеде қаламыздың көркеюіне,гүлденуіне,еліміздің ең таза қала болуына және сенбіліктерге белсене атсалысуға қызметкерлерді шақырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер Куралбаева Дильбара сөйлеп,педагогикалық процесс пен оқу қызметіне даярлықты бақылау жөнінде сөйледі. Топтарда ұйымдастырылған іс-әрекетінің дайындығы,өтілу барысы құрылған жоспар бойынша өтіліп жатқанын айтты.Тәрбиешілер ұйымдастырылған іс-әрекетіне қажетті көрнекіліктерді,түрлі технологияларды қолданып,жоспар бойынша өтілуде. Шығармашылық жұмыстары жинақталып, сақталануда. Күннің екінші жартысында мазмұнды рольді,дидактикалық ойындар ойнату арқылы балаларды шығармашылыққа,ұқыптылыққа баулу,балалардың сөздік қорын дамыту, белсенділіктерін арттыру,ақыл-ойы өсіп жетілу, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіру мақсатында жұмыстар жүргізілуде. Педагогикалық процесс пен ұйымдастырылған іс-әрекетіне даярлықты бақылау нәтижесі жақсы деп сөзін аяқтады.

Әкімшілік жанындағы кеңестің шешімі:

- 1.Наурыз мерекесінің қорытындысы «жақсы»деп бағалансын.
2. Көктем мезгіліндегі учаскедегі жұмыстар өз уақытында,талап бойынша орындалсын.
- 3.Топтардағы педагогикалық процесс пен ұйымдастырылған іс-әрекетіне даярлықты бақылау нәтижесі «жақсы»деп бағалансын.

Бөбекжай-бақша меңгерушісі:

Хатшы:



А.Е.Тургунбекова

Д.У. Куралбаева

Әкімшілік жанындағы кеңестің мәжіліс хаттамасы.

**№ 9 хаттама
«Алина» бөбекжай-бақшасы»**

Өткізілген күні: 06 мамыр 2024 жыл.

Қатысқандар саны: 10

Қатыспағандар саны: 1

Себептісі: 1

Себепсізі: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. «Бағдаршам және біз» ойын-сауығының нәтижесі
2. Бөбекжаймен қоштасу ертеңгілінің өтілуі және дайындығы
3. «Балаларды қорғау күнін» ұйымдастыру мен өткізу
4. Жаз мезгілінің жоспары мен күн тәртібін бекіту

Жазғы сауықтыру шаралары:

- бассейнмен жабдықтау;
- Құмсалғыштарды құммен толтыру

Тағамның сапасын, әртүрлілігін бақылау.

Тындалды: Әкімшілік жанындағы кеңесті бөбекжай-бақша меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ортаңғы «Ботақан» тобының тәрбиешісі Омарова Эльмира сөйлеп, «Бағдаршам және біз» ойын-сауығының мақсатымен таныстырып өтті. Таң қалдыру сәтіне жол сақшысы келіп балаларға жол тәртібі туралы, жолда абай болу керек екені туралы түсіндіріп өткенін және жол тәртібіне байланысты қандай ойындар, жарыстар өтілгенін атап көрсетті. Бүгінгі өтілген ойын-сауықта балаларға қандай жол ережелерімен танныстарғанын, қандай жол ережелерінің белгілерін қолданғанын айтты.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Мыңбай Мөлдір ойын-сауыққа көрнекіліктер, жол ережесіне байланысты ойындар, жол белгілері орынды қолданып, мақсатына жетті деп ойлаймын.

Әдіскер : «Бағдаршам және біз» ойын-сауығында балалар жол тәртібінің ережелерімен, жолдан, ақжолақтан, бағдаршамнан өткенде абай болу керек екенін және өз өмірлерінің қауіпсіздігі үшін жол тәртібін сақтау керек екендерін түсінді деп ойлаймын. Балалар ойын-сауыққа өте белсенді, қызығушылықпен қатысты. Қауіпсіздік ережелері сақталды деп атап өтті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Мектепалды даярлық «Бәйтерек» тобының тәрбиешілері Шекербекова Сауле сөйлеп, «Қош бол,

балабақша!» ертеңгілігінің сценариймен, барысымен таныстырды. Ертеңгілікте балалармен жыл бойы алған білімдерін көрсетіп, дайындаған өнерлерін, билерін, әндерін, тақпақтарын айтып, қызықты ойындар ойнап, бөбекжайдың барлық қызметкелеріне алғыстарын тақпақтар айту арқылы білдіретінін және Баланың мектепке баруы туралы сахналық көрініс көрсетілетінін атап өтті.

Жарыссөзге шыққандар: мектепалды даярлық «Бәйтерек» тобының екінші тәрбиешісі Дехканова Нилуфар сөйлеп, бұл ертеңгілікте балалардың мектепке дайын екендерін көрсету мақсатында әртүрлі тапсырмалар беріліп, логикалық сұрақтар қойылатынын, дидактикалық ойындар ойнатылатынын айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Мыңбай Мөлдір сөйлеп, 1 маусым балаларды қорғау күніне арналған «Балалардың күлкісі-көркі, сәні әлемнің» атты ертеңгілігі бөбекжай-бақшамыздың ауласында өткізілсе деген ұсыныс білдірді. Ертеңгіліктің сценариймен таныстырып, билер, әндер, айтылатынын және түрлі кейіпкерлер (сайқымазық, тедди, мишка) кіріп қызықты ойындар ойнатылатынын айтып өтті.

Жарыссөзге шыққандар: бөбекжай әдіскері Куралбаева Дильбара 1-маусым балаларды қорғау күніне арналған ертеңгілік бөбекжайымыздың ауласында өтетінін, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтай отырып барлық топтың балалары қатысатынын және бүлдіршіндерге бөбекжай әкімшілігі тарапынан сыйлықтар, дәрумендер берілетінін айтып өтті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша әдіскері Куралбаева Дильбара Усеровна : жаз мезгілінің жоспарымен, күн тәртібімен, жаз мезгілінде өтілетін сауықтыру шараларымен таныстырды.

Жарыссөзге шыққандар: шаруа меңгерушісі Шегебаева Сауле жаз мезгіліндегі тағамның сапасымен әртүрлігі туралы, жаз мезгіліндегі сауықтыру шараларына дайындық жүргізіліп жатқанын және учаскедегі құмсалғыштар құммен толтырылып, жаз мезгіліне дайындықтар жүргізіліп жатқанын айтты.

Әкімшілік жанындағы кеңестің шешімі:

1. «Бағдаршам және біз» ойын- сауығының нәтижесі жақсы деп бағалансын.


2. Бөбекжаймен қоштасу ертеңгілігінің дайындығы жүргізіліп, сценарийі бекітілсін.

3. 1 маусым - Балаларды қорғау күніне арналған «Балалардың күлкісі-көркі, сәні әлемнің» ертеңгілігінің сценарийі бекітілсін.

4. Жаз мезгілінің жоспары мен күн тәртібі бекітілсін, жазғы сауықтыру шараларына арналған жұмыстар жүргізілсін.

Бөбекжай-бақша меңгерушісі:  **А.Е.Тургунбекова**

Хатшы:

 **Д.У. Куралбаева**